

Неміс оккупациясынан азат етілген аудандарда шаруашылықты қалпына келтіру жөніндегі шұғыл шаралар туралы

(Басы 2-3-беттерде).

делі ремонт жасайтын 3 МТМын қалпына келтіру міндет етілсін.

2. ССРС Жер Халық Комиссариатына мынадай міндет жүктелсін:

а) Орел облысына бұрын онан көшірілген етаноктер, жабдықтар, 600 трактор, 600 трактор соқасы, 200 трактор тұқым сепкіші бүтін күйінде қайтарылсын, оның ішінде Рязань облысынан 300 трактор, 300 соқа, 100 тұқым сепкіші, Тамбов облысынан 300 трактор, 300 соқа, 100 тұқым сепкіші қайтарылсын;

б) ремонт мастерскойларын салу үшін халық комиссариатының жалпы сметасы есебінен 3 миллион сом берілсін.

3. Қызыл Армияның құрылыс жұмыстары басқармасы жаудан түсірілген олжа есебінен Орел облысының МТСтары үшін 1500 кеспек беруге міндеттендірілсін.

4. Мина қару-жарағы Халық Комиссариатына III тоқсанда Орел облысының колхоздары үшін ССРС Жер Халық Комиссариатының қорлары есебінен 200 ору машинасын, 240 шөп машинасын, 2000 ат соқасын, 250 сортировка жөнелту және 250 комбайнды қалпына келтіру үшін 10 күннің ішінде запас бөлшектер жөнелту міндеттелсін.

Смоленскі облысында

5. Смоленскінің облыстық аткомына және БК(б)П облысына 1943 жылы 17 МТСты, күрделі ремонт жасайтын 2 МТМды және 25 ағымдағы ремонт мастерскойдың қалпына келтіру міндет етілсін.

6. ССРС Жер Халық Комиссариатына мынадай міндет жүктелсін:

а) Горький облысынан бұрын көшіріліп барған 250 трактор, 250 трактор соқасы және 100 трактор тұқым сепкіші бүтін күйінде қайтарылсын;

б) мастерскойлар салу үшін Жер Халық Комиссариатының жалпы сметасы есебінен Смоленскі облысына 3 миллион сом берілсін.

7. БК(б)П Куйбышев аткомының Смоленскі облысына шефтік көмек ретінде 20 МТМ үшін жабдық бөлінгені туралы мәлімдемесі еске алынсын.

8. Мина қару-жарағы Халық Комиссариатына III тоқсанда ССРС Жер Халық Комиссариатының қорлары есебінен Смоленскі облысының колхоздары мен МТСтары үшін 150 ору машинасын, 150 пішен машинасын, 1500 ат соқасын, 250 сортировка, 50 трактор соқасын және 100 комбайнды қалпына келтіру үшін запас бөлшектер жөнелту міндеттелсін.

9. Смоленскі облысының МТСтары үшін жаудан түсірілген олжа есебінен 1500 кеспек беру Қызыл Армияның құрылыс жұмыстары басқармасына міндет етілсін.

Калинин облысында

10. Калинин облысының облыстық аткомына және БК(б)П обкомына 1943 жылы 24 ағымдағы ремонт мастерскойын және күрделі ремонт жасайтын 3 МТМды қалпына келтіру міндет етілсін.

ССРС Жер Халық Комиссариатына ремонт мастерскойларын салу үшін Комиссариаттың жалпы сметасы есебінен 3 миллион сом қаржы босату міндет етілсін.

11. Мина қару-жарағы Халық Комиссариатына быйылғы III тоқсанда Калинин облысының колхоздары үшін ССРС Жер Халық Комиссариатының қорлары есебінен 150 ору машинасын, 150 шөп машинасын, 1500 ат соқасын, 250 сортировка және 200 комбайнды қалпына келтіру үшін запас бөлшектер жөнелту міндет етілсін.

12. БК(б)П Горький обкомының Калинин облысы МТСтары үшін металл кесетін 82 станок, газ-электр қуатымен темір суаратын 17 аппарат және 25 мотор бөлінгені туралы мәлімдемесі еске алынсын.

13. ССРС Жер Халық Комиссариатына 1943 жылы Калинин облысына МТСтардың пәтер-тұрмыстық құрылыс орындарын қалпына келтіруге арнап 2 миллион сом, 650 тракторды қалпына келтіруге арнап 1,3 миллион сом беру міндет етілсін.

Курскі облысында

14. ССРС Мемлекеттік Пландәу комиссиясы мен ССРС Жер Халық Комиссариатына быйылғы IV тоқсанда Курскі облысының МТСтары үшін 350 СТЗ НАТИ тракторын бөлу және Пенза мен Саратов облыстарынан бүтін күйінде 150ден трактор жеткізіп беру міндет етілсін.

15. Курскі облыстық атқару комитеті мен БК(б)П облыстық комитетіне 1943 жылы 15 МТСты, 40 ағымдағы ремонт мастерскойын және 12 күрделі ремонт мастерскойын қалпына келтіру міндет етілсін.

16. Тамбов облыстық атқару комитетіне бұрын көшірілген Крестинская және Анненская МТСтарын, ал Воронеж облыстық атқару комитетіне—Тербунская МТСты бүкіл трактор паркмен, мүлкімен, жабдығымен және кадрларымен Курскі облысына қайтару міндеттелсін.

17. Курскі облыстық атқару комитетіне және РСФСР Жергілікті өнеркәсіп Халық Комиссариатына Дмитровскі заводында колхоздар үшін ат-арба жабдығын шығаруды ұйымдастыру міндеттелсін.

18. Мина қару-жарағы Халық Комиссариатына осы жылғы үшінші тоқсанда ССРС Жер Халық Комиссариатының қоры есебіне 1.700 ат соқасын, 240 шөп машинасын, 215 ору машинасын және 250 сортировка жөнелту міндеттелсін.

Воронеж облысында

19. Воронеж облыстық атқару комитетіне және БК(б)П облыстық комитетіне 1943 жылы күрделі және кезекті ремонт жүргізетін 44 МТМды қалпына келтіру міндеттелсін.

ССРС Жер Халық Комиссариатына жалпы смета есебінен ремонт мастерскойларын қалпына келтіруге 5 миллион сом бөлу міндеттелсін.

20. ССРС Жер Халық Комиссариатына Саратов облысының Пугачевскі заводынан Липецкий заво-

дына металл кесетін 45 станокті қайтару рұхсат етілсін.

21. Воронеж облыстық атқару комитетіне, БК(б)П облыстық комитетіне және ССРС Жер Халық Комиссариатына 1943 жылы Острожекі мотор ремонт заводын қалпына келтіру міндеттелсін.

22. Мина қару-жарағы Халық Комиссариатына осы жылғы үшінші тоқсанда Жер Халық Комиссариатының қоры есебінен, Воронеж облысына 1000 ат соқасын, 150 шөп машинасын, 150 ору машинасын және 350 сортировка жеткізу міндеттелсін.

23. ССРС Жер Халық Комиссариатына, Саратов облыстық аткомы мен БК(б)П обкомына Саратов облысынан трактор паркмен, жабдығымен, кадрларымен 2 МТСты қайтару, олардың жұмысын қалпына келтіру міндеттелсін.

Краснодар өлкесінде

24. Краснодар өлкелік атқару комитетіне және БК(б)П өлкелік комитетіне 1943 жылы 92 ағымдағы ремонт мастерскойын, күрделі ремонт жүргізетін 5 МТМды және Краснодардың мотор ремонттайтын заводын қалпына келтіру міндеттелсін.

ССРС Жер Халық Комиссариатына жалпы смета есебінен МТМдар мен ремонт заводын қалпына келтіруге 5 миллион сом қаржы беру міндеттелсін.

25. Краснодар өлкелік атқару комитетіне 1943 жылы өлкенің өз ішінде ауыл шаруашылығын қалпына келтіру мұқтажы үшін РСФСР Жергілікті өнеркәсіп Халық Комиссариатының шеге заводының продукциясын пайдалануға рұхсат етілсін.

26. Мина қару-жарағы Халық Комиссариатына осы жылғы үшінші тоқсанда ССРС Жер Халық Комиссариатының қоры есебінен Краснодар өлкесіне 200 ат соқасын, 50 трактор соқасын, 80 шөп машинасын, 50 ору машинасын, 50 сортировка жөнелту міндеттелсін.

Сталинград облысында

27. Сталинград облыстық атқару комитеті мен БК(б)П облыстық комитетіне шінара сақталған 65 ағымдағы ремонт МТМын қалпына келтіру міндеттелсін.

ССРС Жер Халық Комиссариаты жалпы смета есебінен МТМдарды қалпына келтіруге 3,5 миллион сом беруге міндеттендірілсін.

28. Мина қару-жарағы Халық Комиссариатына осы жылғы үшінші тоқсанда ССРС Жер Халық Комиссариатының қоры есебінен Сталинград облысына 100 шөп машинасын, 100 ору машинасын, 140 сортировка, 700 ат соқасын және 50 трактор соқасын жөнелту міндеттелсін.

29. Сталинград облыстық атқару комитеті мен БК(б)П облыстық комитетіне Сталинград пен Астрахань қалаларының заводтарынан, азат етілген аудандардың МТМдарын қалпына келтіруге 30 токарь, 40 бұрғылау, 30 жону, 10 қырғы, 10 фрезер және 10 тегістеу станок-

терін, 10 электросварка аппаратын алуға рұхсат етілсін.

Ставрополь өлкесінде

30. Ставрополь өлкелік атқару комитеті мен БК(б)П өлкелік комитетіне 1943 жылы 20 ағымдағы ремонт мастерскойын және 5 күрделі ремонт МТМын қалпына келтіру міндеттелсін.

ССРС Жер Халық Комиссариатына бұл үшін жалпы смета есебінен 3 миллион сом бөлу міндеттелсін.

31. Ставрополь өлкелік атқару комитетіне РСФСР Жергілікті өнеркәсіп Халық Комиссариатының Георгіевскідегі шеге заводының және Пятигорскідегі мотор ремонт заводының продукциясын 1943 жылы ауыл шаруашылығын қалпына келтіру хажеті үшін өлкенің өз ішіне таратуға рұхсат етілсін.

32. Мина қару-жарағы Халық Комиссариатына осы жылғы үшінші тоқсанда ССРС Жер Халық Комиссариатының қоры есебінен Ставрополь өлкесіне 200 ат соқасын, трактор соқасын, 60 шөп машинасын, 40 ору машинасын, 50 сортировка жөнелту міндеттелсін.

Ростов облысында

33. Ростов облыстық атқару комитеті мен БК(б)П облыстық комитетіне 1943 жылы Морозов және Ростов ремонт заводтарын, 30 ағымдағы ремонт мастерскойын және 10 күрделі ремонт МТМын қалпына келтіру міндеттелсін.

ССРС Жер Халық Комиссариатына жалпы смета есебінен МТМдар мен ремонт заводтарын қалпына келтіруге 3,5 миллион сом беру міндеттелсін.

34. ССРС Жер Халық Комиссариатына Азербайжан ССР Кировабад ремонт заводынан Ростовтың электр ремонт заводына металл кесетін 5 станок ремонт жабдығын және пресеті қайтару тапсырылсын.

35. Мина қару-жарағы Халық Комиссариатына осы жылғы үшінші тоқсанда ССРС Жер Халық Комиссариатының қоры есебінен Ростов облысына 200 ат соқасын, 50 трактор соқасын, 80 шөп машинасын, 48 сортировка, 60 ору машинасын жөнелту міндеттелсін.

36. РСФСР Жергілікті өнеркәсіп Халық Комиссариатына облыстық ауыл шаруашылығын қалпына келтіру мұқтаждары үшін Ростовтың шеге заводы шеге шығаруды күшейту міндеттелсін.

Украин ССРнда

37. Украин ССР Халық Комиссарлары Советі мен УК(б)П Орталық Комитетіне 1943 жылы Харьков пен Сумы облыстарының неміс-фашист оккупанттардан азат етілген аудандарында 18 МТСты қалпына келтіру міндеттелсін.

(Жалғасы бар).

Жауапты редактор  
Ө. ОСПАНОВ.